



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

07.03.2025 № 117

Астана қаласы

город Астана

**О реализации пилотного проекта  
по выплате сумм вознаграждения по фискальным чекам  
контрольно-кассовых машин  
(пилотный проект «Salуq кэшбэк»)**

В реализацию статьи 73 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс) в целях повышения налоговой культуры, **ПРИКАЗЫВАЮ**

1. Провести пилотный проект по выплате сумм вознаграждения по фискальным чекам контрольно-кассовых машин (пилотный проект «Salуq кэшбэк») (далее – пилотный проект).

2. Утвердить прилагаемые Правила и сроки реализации пилотного проекта.

3. Руководителям департаментов государственных доходов по областям, городам Астана, Алматы и Шымкент, территории которых будут определены для реализации пилотного проекта «Salуq кэшбэк» обеспечить его проведение, а также информационное сопровождение о возможности участия в нём на добровольной основе.

4. Департаменту администрирования непроизводственных платежей и физических лиц Комитета (Нургалиеву Д.Б.) обеспечить:

- 1) организацию и координацию проведения пилотного проекта;
- 2) размещение на интернет-ресурсе Комитета настоящего приказа;
- 3) в течение десяти рабочих дней, следующих за днем завершения пилотного проекта, представить анализ о результатах проведенного пилотного проекта.

5. Контроль за исполнением настоящего приказа возложить на заместителя Председателя Комитета Ахметова С.А.

6. Настоящий приказ вступает в силу со дня его подписания.

Председатель

Ж. Дуйсембиев



049009

Утвержден  
Приказом Председателя Комитета  
государственных доходов  
Министерства финансов  
Республики Казахстан  
от «07» марта 2025 года  
№ 117

**Правила и сроки реализации пилотного проекта по  
выплате сумм вознаграждения по фискальным чекам контрольно-  
кассовых машин (пилотный проект «Salyq кэшбэк»)**

**Глава 1. Общие положения**

1. Настоящие Правила реализации пилотного проекта по выплате сумм вознаграждения по фискальным чекам контрольно-кассовых машин (пилотный проект «Salyq кэшбэк») (далее – Правила) определяют последовательность действий участников пилотного проекта «Salyq кэшбэк».

2. Участниками пилотного проекта являются:

- 1) органы государственных доходов;
- 2) операторы пилотного проекта «Salyq кэшбэк» (далее – оператор);
- 3) покупатели;
- 4) операторы фискальных данных.

3. В настоящих Правилах используются следующие основные понятия и сокращения:

1) Комитет – Комитет государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан;


2) вознаграждение по фискальным чекам контрольно-кассовых машин (далее – вознаграждение) – размер денег, выплачиваемых физическим лицам-покупателям, установленный в процентном выражении от суммы покупки.

При этом размер процентного выражения, определяется Комитетом и размещается на официальном интернет-ресурсе с указанием даты начала его применения;

3) пилотный проект – пилотный проект по выплате сумм вознаграждения по фискальным чекам контрольно-кассовых машин (пилотный проект «Salyq кэшбэк»);

4) оператор – юридическое лицо, созданное в соответствии с законодательством Республики Казахстан, добровольно участвующее в пилотном проекте.

При этом такое юридическое лицо должно соответствовать следующим условиям:



наличие специального мобильного приложения, позволяющее сканирование штрихового кода, содержащего в кодированном виде информацию о фискальном чеке контрольно-кассовой машины (далее – штрих-код);

осуществлять выплату сумм вознаграждения по фискальным чекам контрольно-кассовых машин за счет собственных средств;

наличие протокола испытания функций информационной безопасности;

5) специальное мобильное приложение – специальное мобильное приложение оператора, обеспечивающее распознавание и сканирование штрих-кодов, и наименование которого размещено на интернет-ресурсе Комитета;

6) продавец – субъект предпринимательства, осуществляющий реализацию товаров, работ и услуг и выдачу фискального чека контрольно-кассовой машины;

7) покупатель – физическое лицо, приобретающее товаров, работ и услуг, изъявившее желание на добровольной основе принять участие в пилотном проекте;

8) оператор фискальных данных – юридическое лицо, обеспечивающее передачу сведений о денежных расчетах в оперативном режиме в налоговые органы по сетям телекоммуникаций общего пользования.

4. Комитет до начала реализации пилотного проекта размещает на официальном интернет-ресурсе Комитета:

перечень территории (участков) и (или) регионов, на которых будет проводиться пилотный проект;

перечень операторов, участвующих в реализации пилотного проекта с указанием территории (участка) и (или) региона, на котором они участвуют;

размер выплачиваемого покупателям вознаграждения в процентном выражении.

При этом, в случае внесения изменений и дополнений, связанных с перечнями территории (участков) и (или) регионов, операторов и размером выплачиваемого покупателям вознаграждения, Комитет не позднее 10 рабочих дней до даты реализации изменений и дополнений размещает информацию на официальном интернет-ресурсе Комитета.

5. Срок реализации пилотного проекта с 15 марта по 31 декабря 2025 года.

## Глава 2. Порядок реализации пилотного проекта

6. Покупатель скачивает специальное мобильное приложение оператора, который участвует в реализации настоящего пилотного проекта в определенной Комитетом территории (участке) и (или) регионе, размещенный на официальном интернет-ресурсе Комитета.

7. Покупатель сканирует штрих-код в специальном мобильном приложении.

8. Оператор после сканирования штрих-кода в специальном мобильном приложении начисляет вознаграждение и на 15 (пятнадцатый) календарный день

со дня, следующего за днем сканирования штрих-кода покупателем, осуществляет выплату сумм вознаграждения в безналичной форме путем перевода денежных средств на банковский счет или счет мобильного кошелька, указанного покупателем в специальном мобильном приложении.

9. Выплата вознаграждения производится по фискальным чекам контрольно-кассовых машин, отсканированным не позднее 24 часов с момента выдачи фискального чека.

При этом общая сумма приобретенных товаров, работ и услуг в месяц, с которой покупателям выплачивается сумма вознаграждения не превышает 254-кратного размера месячного расчетного показателя, установленного Законом Республики Казахстан «О республиканском бюджете», действующего на 1 января соответствующего финансового года.

10. Оператор представляет в Комитет на электронный адрес [kabdualieva.a@kgd.gov.kz](mailto:kabdualieva.a@kgd.gov.kz) сведения по выплаченным суммам вознаграждения ежемесячно к 15 числу месяца, следующего за отчетным.

Two handwritten signatures in black ink, one above the other, located in the bottom right corner of the page.



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

07.03.2025 № 117

Астана қаласы

город Астана

**Бақылау-касса машинасының  
фискалдық чектері бойынша сыйақы сомасын  
төлеу бойынша пилоттық жобаны іске асыру туралы  
(«Salyq кэшбэк» пилоттық жобасы)**

Салық мәдениетін арттыру мақсатында «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 73-бабын іске асыру үшін **БҰЙЫРАМЫН**

1. Бақылау-касса машинасының фискалдық чектері бойынша сыйақы сомасын төлеу бойынша пилоттық жоба («Salyq кэшбэк» пилоттық жобасы) (бұдан әрі – пилоттық жоба) жүргізілсін.

2. Қоса беріліп отырған Пилоттық жобаны іске асыру қағидалары мен мерзімі бекітілсін.

3. Аумақтары «Salyq кэшбэк» пилоттық жобасын іске асыру үшін айқындалатын облыстар, Астана, Алматы және Шымкент қалалары бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің басшылары оны өткізуді, сондай-ақ оған ерікті негізде қатысу мүмкіндігі туралы ақпараттық сүйемелдеуді қамтамасыз етсін.

4. Комитеттің Өндірістік емес төлемдер мен жеке тұлғаларды әкімшілендіру департаменті (Д.Б. Нұрғалиев):

- 1) пилоттық жобаны жүргізуді ұйымдастыруды және үйлестіруді;
- 2) осы бұйрықты Комитеттің интернет-ресурсында орналастыруды;
- 3) пилоттық жоба аяқталған күннен кейінгі он жұмыс күні ішінде жүргізілген пилоттық жобаның нәтижелері туралы талдауды ұсынуды қамтамасыз етсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Комитет төрағасының орынбасары С.А. Ахметовке жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Төраға



Ж. Дүйсембиев

049008

Қазақстан Республикасының  
Қаржы министрлігінің  
Мемлекеттік кірістер  
комитет төрағасының 2025

жылғы «7» наурыз

№ 117

бұйрығымен  
бекітілген

**Бақылау-касса машинасының  
фискалдық чектері бойынша сыйақы сомасын  
төлеу бойынша пилоттық жобаны («Salyq кэшбэк» пилоттық жобасы)  
іске асыру қағидалары мен мерзімі**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Бақылау-касса машинасының фискалдық чектері бойынша сыйақы сомасын төлеу бойынша пилоттық жобаны («Salyq кэшбэк» пилоттық жобасы) іске асыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Salyq кэшбэк» пилоттық жобасына қатысушылардың іс-қимылының реттілігін айқындайды.

2. Мыналар:

- 1) мемлекеттік кірістер органдары;
- 2) «Salyq кэшбэк» пилоттық жобасының операторлары (бұдан әрі – оператор);
- 3) сатып алушылар;
- 4) фискалдық деректер операторлары.

3. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар мен қысқартулар пайдаланылады:

1) Комитет – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитеті;

2) бақылау-касса машинасының фискалдық чектері бойынша сыйақы (бұдан әрі – сыйақы) – сатып алушы-жеке тұлғаларға төленетін, сатып алу сомасының пайыздық мәнде белгіленген ақша мөлшері.

Бұл ретте пайыздық мәннің мөлшерін Комитет айқындайды және оны қолданудың басталу күні көрсетіле отырып, ресми интернет-ресурста орналастырылады;

3) пилоттық жоба – бақылау-касса машинасының фискалдық чектері бойынша сыйақы сомасын төлеу бойынша пилоттық жоба («salyq кэшбэк» пилоттық жобасы);

4) оператор – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес құрылған, пилоттық жобаға ерікті түрде қатысатын заңды тұлға.



Бұл ретте мұндай заңды тұлға мынадай шарттарға сәйкес келуге тиіс:  
 бақылау-касса машинасының фискалдық чегі туралы ақпаратты (бұдан әрі – штрих-код) кодталған түрде қамтитын штрих-кодты сканерлеуге мүмкіндік беретін арнайы мобильді қосымшаның болуы;

бақылау-касса машинасының фискалдық чектері бойынша сыйақы сомасын өз қаражаты есебінен төлеуді жүзеге асыру;

ақпараттық қауіпсіздік функцияларын сынау хаттамасының болуы;

5) арнайы мобильді қосымша – штрих-кодтарды тануды және сканерлеуді қамтамасыз ететін және атауы Комитеттің интернет-ресурсында орналастырылған оператордың арнайы мобильді қосымшасы;

6) сатушы – тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді өткізуді және бақылау-касса машинасының фискалдық чегін беруді жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектісі;

7) сатып алушы – пилоттық жобаға ерікті негізде қатысуға ниет білдірген тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алатын жеке тұлға;

8) фискалдық деректер операторы – ортақ пайдаланылатын телекоммуникация желілері бойынша салық органдарына жедел режимде ақшалай есеп айырысулар туралы мәліметтерді беруді қамтамасыз ететін заңды тұлға.

4. Комитет пилоттық жобаны іске асыру басталғанға дейін Комитеттің ресми интернет-ресурсында:

пилоттық жоба жүргізілетін аумақтардың (учаскелердің) және (немесе) өңірлердің тізбесін;

олар қатысатын аумақты (учаскені) және (немесе) өңірді көрсете отырып, пилоттық жобаны іске асыруға қатысатын операторлардың тізбесін;

сатып алушыларға төленетін пайыздық мәндегі сыйақы мөлшерін орналастырады.

Бұл ретте, аумақтардың (учаскелердің) және (немесе) өңірлердің, операторлардың тізбесіне және сатып алушыларға төленетін сыйақы мөлшеріне байланысты өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда, Комитет өзгерістер мен толықтыруларды іске асыру күніне дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірмей ақпаратты Комитеттің ресми интернет-ресурсында орналастырады.

5. Пилоттық жобаны іске асыру мерзімі 2025 жылғы 15 наурыздан бастап 31 желтоқсанға дейін.

## 2-тарау. Пилоттық жобаны іске асыру тәртібі

6. Сатып алушы Комитеттің ресми интернет-ресурсында орналастырылған, Комитет айқындаған аумақта (учаскеде) және (немесе) өңірде осы пилоттық жобаны іске асыруға қатысатын оператордың арнайы мобильді қосымшасын жүктейді.

7. Сатып алушы штрих-кодты арнайы мобильді қосымшада сканерлейді.

8. Оператор арнайы мобильді қосымшада штрих-кодты сканерлегеннен кейін сыйақыны есептейді және сатып алушы штрих-кодты сканерлеген күннен кейінгі күннен бастап күнтізбелік 15-ші (он бесінші) күні арнайы мобильді қосымшада сатып алушы көрсеткен банктік шотқа немесе мобильді әмиян шотына ақша қаражатын аудару арқылы сыйақы сомасын қолма-қол ақшасыз нысанда төлеуді жүзеге асырады.

9. Сыйақы төлеу фискалдық чек берілген сәттен бастап 24 сағаттан кешіктірілмей сканерленген бақылау-касса машиналарының фискалдық чектері бойынша жүргізіледі.

Бұл ретте сатып алушыларға сыйақы сомасы төленетін айға сатып алынған тауарлардың, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтердің жалпы сомасы тиісті қаржы жылының 1 қаңтарында қолданыста болатын «Республикалық бюджет туралы» Қазақстан Республикасының Заңында белгіленген айлық есептік көрсеткіштің 254 еселенген мөлшерінен аспайды.

10. Оператор Комитетке [kabdualieva.a@kgd.gov.kz](mailto:kabdualieva.a@kgd.gov.kz) электрондық мекенжайға есепті айдан кейінгі айдың 15-і күніне ай сайын төленген сыйақы сомасы бойынша мәліметтерді ұсынады.

